



**«Әбілқас Сағынов  
атындағы Қарағанды  
техникалық университеті»  
ҚААҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен  
(30.09.2021 ж. № 7 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ**

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Ішкі аудит қызметі туралы  
ҚАҒИДАСЫ**

## 1. Жалпы қағидалар

1. Осы «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Ішкі аудит қызметі туралы қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне, «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) мәртебесін анықтайды, Қызмет жұмысының тәртібін және Қызмет қызметкерлерінің өкілеттіктерін белгілейді (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).

2. Қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексін, Қоғамның Жарғысын, осы Қағиданы және қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Қызметтің жұмысы Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc.) әзірлеген ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарының және Этика кодексінің базалық қағидаттарына негізделеді (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).

### 2. Қызметтің ұйымдастыру мәртебесі

3. Ішкі аудит қызметі - Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).

4. Қызмет Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады, тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады, оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді және Қоғам Басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Қоғамның Директорлар кеңесі Қызметтің сандық құрамын, оның қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс істеу тәртібін, Қызмет қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындайды.

5. Қоғам мен ішкі аудит Қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, осы қағидамен, Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен және еңбек шарттарымен реттеледі.

Қызмет қызметкерлерімен еңбек шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма Төрағасы - Қоғам ректоры жасасады.

6. Қызмет жұмыскерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

7. Қызмет басшысы тәуекел иесі болмауы тиіс, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты функциялармен ұштастыру мүмкін емес (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).

8. Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің біліміне және кәсіби сертификаттауына қойылатын талаптар, олардың лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Қағидада, Қоғамның Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібі, еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттары туралы Қағидада, лауазымдық нұсқаулықтарда және еңбек шарттарында белгіленеді (бұл тармақ Қоғамның Директорлар

*кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілген).*

9. Қызмет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады.

10. Қызмет Директорлар кеңесіне төмендегілер арқылы ұйымдық және функционалдық есеп береді:

1) Директорлар кеңесі (Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін) ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласының Қағидасын бекіту;

2) Директорлар кеңесі тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды (Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін) бекіту;

3) Директорлар кеңесіне (Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудиттің қызметі туралы өзге де ақпаратты ұсыну;

4) Директорлар кеңесі (Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін) ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, қызметтен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекіту;

5) ІАҚ бюджетін Директорлар кеңесі (Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарағаннан кейін) бекіту;

6) Директорлар кеңесінің ІАҚ өкілеттіктерінің елеулі шектеулерін немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.

*(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

11. Қызметтің, оның басшысы мен қызметкерлерінің қызмет тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі бекіткен қызметтің негізгі көрсеткіштері (индикаторлары) (KPI) және Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы негізінде Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы Қызмет қызметінің халықаралық ішкі аудит стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында әзірленеді және іске асырылады. Осы бағдарлама шеңберінде мерзімді ішкі және сыртқы бағалау (стандарттарға, ішкі аудиторлардың Әдеп кодексіне сәйкестігіне), сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігіне бағалау жүргізу және қызметті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау көзделеді.

ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлейді және қолдайды *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

### **3. Қызметтің мақсаттары, міндеттері мен функциялары**

*(тақырып Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімі бойынша жаңа редакцияда баяндалған).*

12. Қызмет қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын органы болып табылады және Директорлар кеңесі мен Басқармаға тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті тәсіл негізінде Қоғамның қызметін жетілдіруге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар береді *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

13. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйенің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға ықпал ету болып табылады.

14. Қызметтің міндеттері мен функциялары:

1) Қоғам Басқармасы мен қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, корпоративтік басқару жөніндегі рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеу және орындалу мониторингіне ықпал ету;

2) Қоғамның сыртқы аудитор, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында консультация беру бойынша қызметтер көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;

3) Директорлар кеңесіне және аудит жөніндегі комитетке ішкі аудит бөлімшесі қызметінің нәтижелері және жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындау нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жай-күйін, сенімділігі мен тиімділігін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын) дайындау және ұсыну;

4) Қоғамның Басқарма мүшелерінің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларын және инсайдерлік (құпия) ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ішкі құжаттардың сақталуын, әдеп талаптарының сақталуын тексеру;

5) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат беру;

6) сыртқы аудитордың ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

7) Директорлар кеңесіне, Басқармаға, құрылымдық бөлімшелерге ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша консультациялар беру.

*(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

15. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруға бағалауды жүргізеді *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

15.1 Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

1) бизнес-процестер, жобалар және құрылымдық бөлімшелер мақсаттарының Қоғам мақсаттарына сәйкестігіне талдау жүргізу, бизнес-процестердің (қызметтің) және ақпараттық жүйелердің сенімділігі мен тұтастығын, оның ішінде құқыққа қарсы іс-қимылдарға, теріс пайдалану мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдері сенімділігінің қамтамасыз етілуін тексеру;

2) бухгалтерлік (қаржылық), статистикалық, басқарушылық және өзге де есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз етуді тексеру, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелер қызметі нәтижелерінің қойылған мақсаттарға сәйкестігін анықтау;

3) қойылған мақсаттардың орындалу (қол жеткізу) дәрежесін талдау үшін Қоғам Басқармасы белгілеген өлшемшарттардың барабарлығын айқындау;

4) қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бермеген (мүмкіндік бермейтін) ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктерін анықтау;

5) басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылатын ереже бұзушылықтарды, кемшіліктерді жою және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды енгізу (іске асыру) нәтижелерін бағалау;

6) ресурстарды пайдалану тиімділігі мен орындылығын тексеру;

- 7) Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз етуді тексеру;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын тексеру.

*(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен енгізілген).*

15.2 тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

1) тәуекелдерді тиімді басқару үшін тәуекелдерді басқару жүйесі элементтерінің жеткіліктілігі мен жетілуін тексеру (мақсаттар мен міндеттер, инфрақұрылым, процестерді ұйымдастыру, нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылы, есептілік);

2) Басқарманың (жеке-дара атқарушы орган) тәуекелдерді анықтау толықтығын және бағалаудың дұрыстығын, оны басқарудың барлық деңгейлерінде тексеруін;

3) осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін қоса алғанда, бақылау рәсімдерінің және тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де іс-шаралардың тиімділігін тексеруді;

4) іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратқа талдау жүргізу (ішкі аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған ереже бұзушылықтар, қойылған мақсаттарға қол жеткізбеу фактілері, сот талқылау фактілері).

15.3 Корпоративтік басқаруды бағалау мынадай тексеруді қамтиды:

Корпоративтік басқаруды бағалау тексеруді қамтиды:

1) Қоғамның этикалық қағидаттары мен корпоративтік құндылықтарын сақтау;

2) мақсаттар қою, оларға қол жеткізуді мониторингтеу және бақылау тәртібі;

3) мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, басқарудың барлық деңгейлеріндегі ақпараттық өзара іс-қимылды (оның ішінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша) нормативтік қамтамасыз ету деңгейі мен рәсімдері;

4) жалғыз акционердің, оның ішінде бақылаудағы ұйымдардың құқықтарын және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастардың тиімділігін қамтамасыз ету;

5) Қоғамның және оның бақылауындағы ұйымдардың қызметі туралы ақпаратты ашу рәсімдерін қамтиды.

*(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен енгізілген).*

16. Қызметтің тәуелсіздігіне қызметтің тиісті ұйымдастырушылық мәртебесін және Қызмет қызметкерлерінің өз міндеттерін орындау кезінде объективті ұстанымын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

#### **4. Құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу**

17. Қызметтің тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізуге құқығы бар:

1) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарын қалыптастыруға байланысты мәселелер бойынша ақпараттық жүйелер деректерінің құрамы мен форматтары туралы мәліметтерді, құжаттаманы, ақпаратты, материалдарды (дәлелдемелерді), анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуға;

2) ішкі аудит жүргізу шеңберінде құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, ішкі аудит объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге рұқсат алуға құқылы;

3) ішкі аудиттің міндеттері мен мәніне сәйкес ішкі аудит нәтижелері туралы есепті дайындау үшін құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті құжаттаманы, оның ішінде электрондық тасымалдағыштарда ақпаратты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті, жазбаша және ауызша түсініктемелерді және құпиялылық режимінің,

қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын өзге де ақпаратты белгіленген мерзімдерде сұратуға және алуға;

4) өз құзыреті шегінде ішкі аудит объектілерінің басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан тиісті жылға арналған ішкі аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі аудит жүргізу кезінде анықталған ереже бұзушылық фактілері бойынша жазбаша түсініктемелерді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен куәландырылған құжаттардың қажетті көшірмелерін ұсынуды талап ету.

## **5. Қызметтің Қоғамның Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі және есеп беру**

*(тақырыбы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімі бойынша жаңа редакцияда баяндалған).*

18. Қызмет Қоғамның Аудит жөніндегі комитетіне алдын ала келісу үшін Қызметтің қызметі туралы есепті мынадай мерзімдерде ұсынады:

- 1) тоқсандық - есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне;
- 2) жылдық - есептік жылдан кейінгі бірінші айдың 25-күніне.

Аудит жөніндегі комитет тарапынан ұсынылған есептерге ескертулер болған кезде Қызмет он жұмыс күні ішінде есептерге өзгерістер енгізеді (ескертулерді түзетеді) *(осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

19. Қызмет Қоғамның Директорлар кеңесіне Аудит жөніндегі комитетпен алдын ала келісілген Қызмет қызметі туралы есепті ұсынады.

Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұранысы бойынша Қызмет басшысы Аудит жөніндегі комитетпен алдын ала келісілген Қызметтің қызметі туралы қысқаша ай сайынғы есепті ұсынады *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілген).*

20. Қызмет басшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпаратты оның толықтығы мен дәлдігі тұрғысынан талдауды қамтамасыз етуге тиіс. Қызмет басшысы оның қызметінің мәселелері қаралатын аудит жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуға құқылы, сондай-ақ оның төрағасының шақыруы бойынша аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуға міндетті *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілген).*

21. Қызметтің қызметі туралы тоқсандық және жылдық есептер мыналарды қамтуы керек:

1) Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша, берілген ұсынымдарды (тиісті материалдарды қоса бере отырып) қажеттілік бойынша көрсете отырып, қысқаша қорытындылар;

2) есептік кезеңде Қызмет өткізген басқа да іс-шаралар (жұмыстар) туралы ақпарат (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері, біліктілікті арттыру курстарына, тренингтерге қатысу туралы ақпарат және т. б.);

3) есепке алу, ішкі бақылау, Қоғамды, тәуекелдері басқару жүйелерінің елеулі қатерлері мен кемшіліктері және оларды жою жөніндегі Қоғам басшылығының тиісті жоспарлары туралы;

4) қойылған мақсаттарға және аудитті қамту саласына қатысты аудиторлық қызметтің нәтижелері бойынша қорытынды, есептік кезеңдегі аудиторлық қызметтің жалпылау нәтижелерін (қажет болған жағдайда Қызмет ресурстарының жеткіліктілігін көрсете отырып) *(осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен өзгертілді).*

22. Қызмет басшысының құқығы:

1) Директорлар кеңесінің, Қоғамның аудит жөніндегі комитетінің отырысын белгіленген тәртіппен, оның ішінде анағұрлым құпия және маңызды тақырыптарды талқылау үшін шақыруға бастамашылық жасау талаптары;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін ақпараттандыру және ақпараттық материалдардың Қоғамның Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін айқындау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру үшін аудит жөніндегі комитет төрағасымен тұрақты кездесулерге.

22-1. Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін уақтылы қарауды және ІАҚ ұсынымдарының уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді (*тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен енгізілген*).

## **6. Қызметтің Қоғам басқармасымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

23. Қызметтің Қоғам басқармасымен қарым-қатынасы тәуелсіздік қағидаты негізінде құрылуы керек, өйткені Қызметтің ұйымдастырушылық және функционалды тәуелсіздігі деңгейі ішкі аудиторлардың объективтілігіне тікелей әсер етеді.

24. Қызмет Қоғам қызметінің барлық негізгі аспектілері бойынша ақпаратқа және деректерді жинақтау мен талдауға арналған құралдарға ие бола отырып, Қоғам Басқармасына Қоғам менеджментімен қабылданған басқару шешімдерін орындау сапасы туралы ақпарат беруге және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, корпоративтік басқару бойынша рәсімдер мен іс-шаралардың орындалуын әзірлеуге және мониторинг жүргізуге жәрдемдесуге тиіс.

25. Қоғам басқармасымен өзара іс-қимыл шеңберінде Қызмет:

1) ақпараттандыру мақсатында Қоғамның Директорлар Кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды қоғам басқармасына ұсынады;

2) танысу мақсатында Қоғам Басқармасына аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есепті/қорытындыны ұсынады.

26. Қоғам Басқармасының қызмет жұмысына араласуына жол берілмейді.

## **7. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары**

28. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары:

28.1. ІАҚ басшысында төмендегілер болуы тиіс:

- экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржы менеджменті, және/немесе қаржы және кредит салаларындағы жоғары кәсіптік білім, ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық және/немесе құқықтану саласында қосымша білімі болса артықшылық беріледі;

- аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі - кемінде үш жыл;

- басшы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі - кемінде екі жыл;

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша білу;

- Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын, халықаралық аудит стандарттарын (ХАС) білу;

- «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған «аудитор» біліктілік куәлігінің және/немесе CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификатының және/немесе ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) алқаби бухгалтері сертификатының және/немесе DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) дипломының болуы) және/немесе CIPA (Certified International Professional Accountant) халықаралық кәсіби бухгалтер сертификаты

және/немесе DipPIA (Diplomain Proffessional Internal Auditor) дипломы;

- мемлекеттік және шет тілдерін меңгерген жөн.

28.2. Ішкі аудит қызметінің басшысы өз қызметінде төмендегілерді басшылыққа алуға тиіс:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерін;

- аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін;

- Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal AuditorsInc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттары және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттары, халықаралық аудит стандарттары (МСА).

29. ІАҚ аудиторында болуы керек:

- экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржы менеджменті, және/немесе қаржы және кредит салаларындағы жоғары кәсіптік білім, ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық және/немесе құқықтану саласында қосымша білімі болса артықшылық беріледі;

- аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі - кемінде екі жыл;

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша білу;

- Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын, халықаралық аудит стандарттарын (МСА) білу;

- ішкі аудит және/немесе есеп және қаржылық менеджмент саласында сертификаттың және/немесе біліктіліктің болуы;

- мемлекеттік және шет тілдерін білген жөн.

*(бөлім Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 12 қарашадағы шешімімен енгізілді).*

## **8. Қорытынды ережелер**

30. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерінің бастамасы бойынша қажеттілігіне қарай енгізілуі мүмкін.



## ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгерістер:

– «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 27 сәуірдегі № 3 хаттама).

### 2. № 2 өзгерістер:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 12 қарашадағы № 9 хаттама).